1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ СИПАТТАМАСЫ

Білім беру бағдарламасының мақсаты: Көркем еңбек, графика және жобалау саласында педагогикалық тұжырымды білімі бар, ғылыми-зерттеу және басқару қызметін табысты жүзеге асыруға қабілетті жоғары білікті педагог-зерттеушілерді даярлау.

1.1. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

Білім беру бағдарламасының түрі	ағымдағы
Білім беру бағдарламасының атауы	7М01403 Көркем еңбек, графика және жобалау
Білім беру саласы	7М01 Педагогикалық ғылымдар
Даярлау бағыты	7М014 Жалпы дамудың пәндік мамандандырылған педагогтарды даярлау
Білім беру бағдарламасының тобы	М007 Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтерін даярлау
Білім беру қызметін жүргізуге берілген лицензия №, күні, айы, жылы	Білім беру бағдарламасы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Білім және ғылым саласында сапаны қамтамасыз ету комитетімен «04» тамыз 2020 ж. берілген № KZ75LAA00018542 лицензия негізінде іске асырылады.
ББББ Тізіліміндегі № және тіркеу/жаңарту күні	
ҰБШ бойынша деңгейі	Магистратура, деңгей 7
Берілетін дәреже	7М01403 Көркем еңбек, графика және жобалау білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі
Білім беру бағдарламасын аккредиттеу	«Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі» КЕМ (АРТА), сертификат №АВ 5550, 20.12.2024 - 19.12.2029 жж. дейін
Білім беру бағдарламасының рейтингі	-
Жалпы академиялық кредит саны	120 ECTS
Оқу мерзімі	2 жыл

1.2. УНИВЕРСИТЕТ БАҒДАРЫ, МИССИЯСЫ, БАҒДАРЛАМАЛЫҚ МАҚСАТЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ, ТҮЛЕК АТТРИБУТТАРЫ

Бағдары:
Қарқынды даму үстіндегі әлемдегі өзгерістерді басқаруға қабілетті педагог даярлайтын, дамытатын зияткерлік платформа.

Миссиясы:
Білім беру саласында еліміздің және әлемнің игілігі үшін озық білім мен құндылықтарды жасай, дамыта және тарата алатын көшбасшы ұстаздарды қалыптастыру.

Бағдарламалық мақсаты:
Университет Орталық Азиядағы білім саласындағы оқытудың, оқудың және зерттеудің инновациялық әдістерінің, сондай-ақ ауыл мектептеріндегі білім беруді дамытудың хабына айналуды мақсат етеді.

Құндылықтары:
Толық адам тұлғасы, өз ісіне адалдық, қоршаған әлемге деген сүйіспеншілік және парасаттылық.

Университет түлегінің атрибуттары:

- Өз бетімен білім алып, өз тәжірибесінде рефлексия жасап, оны зерттей алады.
- Моральдық-этикалық құндылықтарға ие және жауапкершілігі мол тұлғалар.
- Терең пәндік, цифрлық құзыреті және кең интеллектуалдық көзқарасы бар кәсіби мамандар.
- Шығармашыл және сыни тұрғыдан ойлана алатын, топта жұмыс істеу және коммуникативтілік дағдылары жоғары дәрежеде.
- Тез өзгеретін жағдайларға бейімделе алатын, оқу мен оқытудағы көшбасшылар.
- Әр түрлілікті құрметтейтін, инклюзивті және қоғамдағы теңдік үшін күресе білетін тұлға

1.3. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ НЕГІЗДЕМЕСІ

ББББ өзектілігі. Көркем еңбек, графика және жобалау педагогтарын даярлау өзектілігі жалпы білім беретін мектептерде «Көркем еңбек» және «Графика және жобалау» кіріктірілген пәндер ретінде оқытылатындықтан жаңартылған бағдарламаның білім беру жүйесінің жаңа реформасына сай жаңа форматта білікті кадрларды дайындау қажеттілігін туындатады

Нарықтық экономика жағдайында кәсіпорынның нарықтағы оның бәсекеге қабілеттілігінің тұрақтылығын қамтамасыз ететін маңызды құрал - оның сыртқы және ішкі ортасына қойылатын ағымдағы талаптарға сәйкес кәсіби мамандарды дайындау.

Сол себептенде тұтытушылар мен жұмыс берушілердің сұранысына қарай, инновациялық технологияларды меңгерген, адамгершілік, зияткерлік, мәдени дамуы мен кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге бағытталған, тәрбиелеу мен оқытудың үздіксіз процесін қамтыған өскелең ұрпақты қалыптастыру және дамыту бойынша кәсіби білім беру жүйесі үшін ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау бағдарламасы әзірленді.

Нарықтың қажеттілігі. Статистикалық талдау «Ұлттық білім беру дерекқоры» (ҰББД) https://e.edu.kz/statistics.html автоматтандырылған жинақтау жүйесінде білім беру бөлімдерінің ресми сайты және http://iac.kz ақпараттық-талдау орталығы негізінде жүзеге асырылды. Ұлттық білім беру базасы Қазақстанда 7413 бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру ұйымдары, 906 балаларға қосымша білім беру ұйымдары бар екенін көрсетті.

1.4. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Академиялық ұтқырлық	Niğde Ömer Halisdemir Üniversitesi (Түркия), Гонконг университеті (Қытай Республикасы); Ондокуз майыс университеті (Түркия); І. Арабаев атындағы Қырғыз мемлекеттік университеті (Қырғызстан), Қарши мемлекеттік университеті (Өзбекстан Республикасы), Шахрисабз мемлекеттік педагогикалық институты (Өзбекстан Республикасы); Низами атындағы Ташкент ұлттық педагогикалық университеті (Өзбекстан Республикасы, Ташкент қ.).
Қосдипломды бағдарлама	-
Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor)	-

Алыс және жақын шетелдердің жетекші жоғары оқу орындарының білім беру бағдарламасымен сәйкестігі

Сукмён қыздар университеті, Жоғары білім беру мектебі (Оңтүстік Корея) – 20%; Невшехир Хажы Бекташ Вели университеті (Түркия) 20%; Малайя университеті (Малайзия, Куала-Лумпур қ.) – 15%.

1.5. БАҒЫТ ӘЛЕУЕТІ ЖӘНЕ ТҮЛЕКТІҢ ҚЫЗМЕТ АТҚАРАТЫН ОРЫНДАРЫ

Жоғары оқу орындары; ғылыми-зерттеу институттары; білім беру жүйесінде біліктілікті жетілдіру және қайта даярлау институттары; білім беру саласында өкілетті және жергілікті атқарушы органдар; кәсіби білім беру ұйымдарының барлық типтері мен түрлері (жалпы білім беретін мектеп,

өнер колледждері, орта кәсіптік білім беру колледждері мен лицей, оқушылар үйлері мен мәдениет сарайлар, балалар шығармашылық ұйымдар мен өнер студиялары).

1.6. КӘСІБИ ҚҰЗЫРЕТТІЛІКТЕР САЛАЛАРЫ

1 кәсіби құзыреттілік саласы

білімі беру (педагогикалық) құзыреттілік:

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында, диагностикалау, түзету, педагогикалық іс-әрекеттің нәтижелерін болжау педагогикалық үдерісін жобалау және ұйымдастыру;

жалпы білім беретін, кәсіби білім беру мекемелерінде, жоғарғы оқу орындарында білім алушылардың субъектілік қызметін ұйымдастыру;

білім беру саласында инновациялық тәжірбелерді

оқу-тәрбие қызметі бойынша:

- жалпы білім беретін, кәсіби оқу орындарында, жоғарғы оқу орындарында білім алушыларды жеке тұлғалық дамуы мен қалыптасу үдерісін басқару;
- оқу-тәрбие жұмыстарын заңға, заңдылықтарға, қағидаларға, педагогикалық үдерістердің тәрбиелік құрылымына сәйкес жобалау және ұйымдастыру;
- орта білім беру, педагогикалық колледждер және жоғары оқу орындарында оқушыларға білім беру мен тәрбиелеуге негізделген әр түрлі әдіс-тәсілдерді таңдап алу;
- қоғамдық пікірлерге, қоғамдық ережелерге, салт-дәстүрлерге және оларды кәсіби іс-әрекетте пайдалануға негізделген әлеуметтік-этикалық құндылықтарды қалыптастыру;
- қызметтік этика ережелерін сақтау, этикалық және мінез-құлық ережелерін меңгерту.

2 кәсіби құзыреттілік саласы

оқу-технологиялық құзыреттілік:

- оқу үдерісінде қолдануға негізделген инновациялық педагогикалық технологияларды таңдау;
- білім беру үдерісінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану туралы, білім алушылардың субъектілік қызметі туралы ақпаратты өңдеу және іздеуді ұйымдастыру,
- кәсіби және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер бойынша алған білімдерін тәжірибе жүзінде көрсете білу.

әлеуметтік-педагогикалық қызмет саласы бойынша:

- білім алушыларды дамыту мен тәрбиелеу үшін педагогикалық қолдау көрсету, қолайлы жағдайды ұйымдастыру және жобалау;
- тұлғалық ұмтылыс деңгейін объективті бағалауды, іскерлік этиканың нормаларын, этикалық және құқықтық нормаларды қалыптастыру;
- дене, рухани және интеллектуалдық өзін-өзі дамыту амалдарын меңгеру, психологиялық сауаттылықты, ойлау мен мінез-құлық мәдениетін қалыптастыру.

3 кәсіби құзыреттілік саласы

ғылыми-зерттеушілік құзыреттілік:

- зерттеу қызметінің алгоритмін меңгеру, зерттеуді жоспарлау және ұйымдастару;
- ғылыми-зерттеу әдебиеттерін оқуды ұйымдастыру және жоспарлау;
- кәсіби білім берудегі инновациялық педагогикалық тәжірибелерді жинақтау, жоспарлау және оқуды ұйымдастыру;
- педагогикалық эксперименттердің нәтижелерін оқу үдерісіне енгізуді жоспарлау және ұйымдастыру;
- әр түрлі ғылыми және білім беру мекемелерінде бағдарлы пәндер бойынша зерттеу жұмыстарын орындау;

кәсіби мектептердің оқыту әдістемесі, теориясы мен технологиясы жетістіктерін шығармашылықпен қолдана білу және ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін жинақтау;

- өзінің зерттеу іс-әрекетінің нәтижелерін бағалай білу, өңделген ғылыми-педагогикалық зерттеу әдістерін қолдану, ізденіс жұмыстарының жағымды және жағымсыз жақтарын әр қырынан көре білу;

ұйымдастыру-басқару құзыреттілігі:

- мазмұндық-процессуальді білім беру үдерісі құрайтын (кәсіби, жоғары білім беру пәндері курстарының мазмұны, әдіс-тәсілдері, құралдары және даму ортасын ұйымдастыру, білім берудің әр түрлі деңгейлеріне сәйкес, білім алушылардың жеке тұлғасын қалыптастыруды жоспарлау мен ұйымдастыруға қолдану);
- мемлекеттік құрылымдағы түрлі білім беру деңгейлерін басқару қызметі.

1.7. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ОҚЫТУ НӘТИЖЕЛЕРІ

ОН 1 - Ғылым мен білім беру үдерісінің өзара байланысын, ғылым тарихы мен философиясының өзекті мәселелерін, сөйлеу коммуникациясының кәсіби негіздерін, білім беру трансформациясы жағдайында этикалық және құқықтық стандарттарды сақтай отырып, жасанды интеллектіні пайдалануда ғылыми нәтижелерді білім мазмұнына интеграциялайды**;**

ОН 2 – Педагогика және психология ғылымын дамытудың теориялық-әдіснамалық негіздерін, әр түрлі қабілеттері бар студенттерді ескере отырып, инклюзивті қағидаларға сәйкес оқыту әдістерін, басқару және меңгеру үрдістерін, психологиялық-педагогикалық зерттеулердің мәні мен мазмұнын кәсіби қызметінде пайдаланады;

ОН 3 - Ғылыми-зерттеу жұмысының барлық кезеңінде этикалық нормаларды сақтай отырып, зерттеу құрылымын, әдіснамасын, деректерін және қорытындыларын академиялық стандарттарға сай ұсынады**.**

ОН 4 Ақпараттық, цифрлық, көркем еңбек, графика және жобалау саласындағы педагогикалық және жеке көркемдік-шығармашылық қызметтің нәтижелерін ғылыми зерттеу барысында талдауға, бағалауға және синтездеуге қабілетті; дизайн арт-жобаларын жасауда заманауи мультимедиялық технологиялар мен жаңа медианы пайдалану бойынша теориялық білім мен практикалық дағдыларды меңгереді;

ОН 5 Жаңа білімді дамытуда ғылыми зерттеулер арқылы әдістемелік және тұжырымдамалық білімдерді қолданады; технологиялық құжаттаманы құру, оның ішінде заманауи компьютерлік технологияларды енгізу, жобалау, ғылыми және білім беру қызметінде қолдану дағдыларын меңгереді;

ОН 6 Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша көркем шығармашылық саласындағы оқу үдерісін тиімді ұйымдастыруға қажетті өнер педагогикасы және заманауи педагогикалық әдістер мен технологиялар туралы білімді меңгереді;

ОН 7 Әлемдік мәдениеттің әртүрлі дәуірлеріндегі өнердің ерекшеліктерін анықтайтын ұғымдық аппаратты иелену, өнер түрлерінің жіктелуін білу; әлемдік және ұлттық мәдениеттің ерекше түрінде көрінетін әлеуметтік жүйенің құндылықтарын оқыту, заманның нарық талаптарына сәйкес келетін арт-жобалар жасау үшін визуалды өнер мен дизайн саласындағы қазіргі тенденциялар мен ағымдар туралы білімдерді меңгереді;

ОН 8 Эксперименттік зерттеу жұмысын жоспарлайды, ұйымдастырады, ғылыми жобаның мәселелерін шешудің тәсілдерін анықтайды және бағдарламалық әдіснаманы жасау, диагностикалау, талдау және қорыту негізінде ғылыми зерттеулердің кешенді мониторингін жүзеге асырады;

ОН 9 Оқу үрдісінде заманауи инновациялық технологияларды тиімді ұйымдастыру арқылы теориялық білімді тереңдетеді, графикалық модельдеу нәтижесін талдайды, жасанды интеллект көмегімен шығармашылық жобалардың нысанын презентациялайды;

ОН 10 Көркем еңбек, графика және жобалау саласындағы ғылыми-педагогикалық және жеке шығармашылық қызметінің нәтижелері бойынша арт-жобаларын әзірлейді, оқытудың заманауи инновациялық (оның ішінде мультимедиялық, цифрлық, т.б.) технологияларды пайдалана отырып, кәсіби тұлғалық-белсенділікті жүзеге асырады;

ББББ оқыту нәтижелерін Түлек атрибуттарымен салыстыру матрицасы

	ОН1	ОН2	ОН3	ОН4	ОН5	ОН6	ОН7	ОН8	ОН9	ОН10
ТА1	+			+	+	+	+		+	+
ТА2	+	+		+	+		+	+	+	
ТА3			+	+	+	+			+	+
ТА4		+		+	+	+	+	+	+	+
ТА5	+	+	+	+	+		+	+	+	
ТА6			+	+	+	+	+	+		

1.8. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Білім беру бағдарламасы келесі нормативтік-құқықтық актілер негізінде әзірленген:

1) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі №2 бұйрығы.
2) Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтеріне (профессор-оқытушылар құрамына) арналған кәсіптік стандарты. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 20 қарашадағы № 591 бұйрығы.
3) Білім беру ұйымдарының педагогтеріне арналған кәсіптік стандарттары. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 24 ақпандағы № 31 бұйрығы.

2. БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАЗМҰНЫ

№	Модуль коды мен атауы	Кредиттердің	№	Пән коды және атауы	Пәннің академиялық кредиті	Цикл/ компонент
1	**ISE Модуль 1 Ғылым мен білімнің интеграциясы**	**24**	1	ISE 51 Ғылым тарихы және философиясы	5	БП ЖК
			2	ISE 52 Шетел тілі (кәсіби)	5	БП ЖК
			3	ISE 53 Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы	5	БП ЖК
			4	ISE 54403/1 Қазіргі өнердегі жасанды интеллект қолдану әдіснамасы	5	БП ТК
			5	ISE 54403/2 Көркемдік тәжірибедегі сандық технологиялар және жасанды интеллект		
			6	ISE 65 Педагогикалық практика	4	БП ЖК
2	**IRS Модуль 2 Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру**	**18**	1	IRS 51 Академиялық зерттеу және әдебиеттерді сыни талдау	6	БП ЖК
			2	IRS 53 Зерттеу дизайны және этикалық нормалар	6	БП ЖК
			3	IRS 55 Сапалық және сандық зерттеу әдістері	6	БП ЖК
3	**SRM Модуль 3 Ғылыми зерттеу**	**15**	1	SRM 51403/1 Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері мен технологиясы	5	БП ТК
			2	SRM 51403/2 Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізі		БП ТК

	әдіснама модулі					
			3	SRM 62403/1 Көркемдік оқу іс-әрекетіндегі ғылыми зерттеу әдіснамасы	5	БП ТК
			4	SRM 62403/2 Қазіргі көркемдік педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері		БП ТК
			5	SRM 63403/1 Графикалық жобалаудың ғылыми зерттеу әдістемесі	5	БП ТК
			6	SRM 63403/2 Дизайн теориясы және әдіснамасы		БП ТК
4	**SKS Модуль 4 Пәндік білім модулі**	**25**	1	SKS 51403/1 Педагогикалық өнертану	5	Бейіндеуші пәндер/ ТК
			2	SKS 51403/2 Әлемдік және қазіргі заманғы өнердің тарихи теориясы		
			3	SKS 62403/1 Педагогикалық инновация	5	Бейіндеуші пәндер/ ТК
			4	SKS 62403/2 Көркем шығармашылық психология		
			5	SKS 63403/1 Графика және жобалауды оқытудағы заманауи педагогикалық технологиялар	5	Бейіндеуші пәндер/ ТК
			6	SKS 63403/2 «Графика және жобалау» бейіні бойынша оқыту технологиясы		
			7	SKS 64403/1 Компьютерлік графика және моделдеу	5	Бейіндеуші пәндер/ ТК
			8	SKS 64403/2 Жобалық ғылыми білім беру қызметтегі компьютерлік технологиялар		
			9	SKS 65403/1 Көркем шығармашылықты зерттеудің семантикасы	5	Бейіндеуші пәндер/ ТК
			10	SKS 65403/2 Технологиялық дайындау практикумы		
5	**RW5 Ғылыми - зерттеу жұмыстары**	**30**	1	**RW 5 (6).02** Зерттеу практикасы	6	БП ЖК
			2	**RW 5 (6).03** Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	24	МҒЗЖ
6	**FE Қорытынды аттестаттау**	**8**	1	**FE 6.01** Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРжҚ)	8	ҚА
БАРЛЫҒЫ:		**120**			**120**	

2.1. ПӘНДЕР МЕН МОДУЛЬДЕР БОЙЫНША МӘЛІМЕТ

Модуль 1 - Ғылым мен білімнің интеграциясы.
Модуль сипаттамасы: Модуль ғылым мен білімнің өзара байланысын зерттейді. Сондай-ақ, модуль ғылымның тарихы мен философиясын, кәсіби шетел тілін меңгеру, жоғары білім беру педагогикасының принциптерін және басқару психологиясы пәндерін қамтиды. Магистранттар ғылыми білімнің білім беру тәжірибесіне әсерін, осы интеграцияланған бағыттардың академиялық және кәсіби ортада қолдану үшін толық түсінік алады. Модуль магистранттарды сыни ойлауға, ғылыми коммуникацияға және көпсалалы концепцияларды тәжірибе жүзінде іске асыруға дайындайды.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	ISE 51 Ғылым тарихы мен философиясы	БП ЖК	5	Ғылым тарихы мен философиясы пәні магистранттарға ғылыми әдістердің дамуы жағдайындағы ойлау эволюциясы туралы түсінік береді. Магистранттар сыни ойлау және салыстырмалы талдау дағдыларын қолдана отырып, негізгі философиялық ұғымдарды және олардың ғылыми жаңалықтарға әсерін талдайды. Олар ғылыми парадигмаларды қалыптастырудағы идеологиялардың әсерін бағалайды, білімге әртүрлі көзқарастарды салыстыру және бағалау үшін интеллектуалды дағдыларды пайдаланады. Тарихи контексттерді талқылау және зерттеу арқылы магистранттар ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын, философия мен ғылымның байланысын терең түсінуді дамытады.	Дәрістер мен семинарлық талқылаулар; Кейс-стади; Дереккөзді талдау; Бірлескен зерттеу жобалары;	ОН 1	Эссе Презентациялар Ғылыми-зерттеу жобасы
2	ISE 52 Шетел тілі (кәсіби)	БП ЖК	5	Пән супер-базалық стандарт кемінде (B1) деңгейін меңгеруді қамтамасыз	Пәндік-тілдік	ОН 1	Эссе, жоба қорғау;

				етуге, магистранттардың лингвистикалық емес оқыту бағыттары бойынша мәдениетаралық және коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталған. Магистратураның пәндік саласына сәйкес нақты лексиканы, терминологияны және коммуникациялық стратегияларды зерттеуді қамтиды. Магистранттар болашақ мансабында туындауы мүмкін кәсіби мәтіндермен, құжаттамалармен және коммуникациялық жағдайлармен танысады.	кіріктіру технологиясы (CLIL); Подкасттарды және лекцияларды тыңдау; Мақалаларды оқу және талдау;		терминологиялық сөздік құрастыру;
3	**ISE 53** Жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы	БП ЖК	5	Пән магистранттарға жоғары мектеп педагогикасы мен психологиясы саласындағы терең білім беруге бағытталған. Оқыту барысында оқу процесін ұйымдастырудың инновациялық әдістері, білім беру бағдарламаларын жобалау, студенттердің оқу жетістіктерін бағалау тәсілдері және көшбасшылықтың психологиялық аспектілерін, оның ішінде мотивация, көшбасшылық, коммуникация және қақтығыстарды басқару мәселелерін талдайды.	Интерактивті компонентті дәрістер (Ойлан-Жұптас-Бөліс) Кейстерді талдау; Тақырыптық талқылаулар; Жағдайға негізделген және проблемалық оқыту (PBL);	ОН 2	Жоба қорғау Өзін-өзі және өзара бағалау Портфолио

					Бірлескен оқу және топтық жобалар;		
4	ISE 54403/1 Қазіргі өнердегі жасанды интеллект қолдану әдіснамасы	БП ТК	5	Пән магистранттардың жоғары оқу орны жағдайында оқу процесін тиімді ұйымдастыру үшін қажетті терең білім мен дағдыларын дамытуға бағытталған. Осы пән аясында магистранттар дәстүрлі және инновациялық әдістерді қамтитын қазіргі заманғы оқыту әдістерін, соның ішінде дәрістер, семинарлар, практикалық сабақтар, жобалық оқыту, кейс-метод, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және жасанды интеллекті (ЖИ) қолдануды зерттейді. Сонымен қатар, белсенді оқыту әдістерін енгізуге, мәселен, проблемалық, зерттеу және қашықтан оқытуға ерекше назар аударылады. Магистранттар қазіргі заманғы оқыту әдістері мен технологияларын, білім беру процесін басқаруды, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және оқу жетістіктерін бағалау әдістерін қолдану дағдыларын, сондай-ақ тиімді білім беру ортасын қалыптастыруды меңгереді.	Практикалық сабақтар Жобалық оқыту Интерактивті әдістер	ОН 1,9	Тесттер Портфолио Презентациялар Жоба
5	ISE 54403/2 Көркемдік тәжірибедегі сандық			Курстың мақсаты магистранттардың заманауи цифрлық құралдар мен жасанды интеллект технологияларын	Практикалық сабақтар,	ОН 6,9,10	Жоба, презентация, портфолио

	технологиялар және жасанды интеллект			шығармашылық қызметте ғылыми негізде қолдану құзыреттілігін қалыптастыру болып табылады. Курс цифрлық технологиялар және жасанды интеллекттің көркемдік практикадағы қолданылу қағидаларын, шығармашылық үдерістерді трансформациялау мүмкіндіктерін және заманауи өнердегі инновациялық әдістерді зерттеуге бағытталған Магистранттар цифрлық өнер әдістерін, алгоритмдік шығармашылықты және инновациялық көркемдік жобаларды әзірлеу дағдыларын меңгереді.	Жобалық оқыту, Интерактивті әдістер		
6	ISE 65 Педагогикалық практика	БП ЖК	4	Магистранттың педагогикалық тәжірибесі оқыту әдістерімен таныстыруды, оқыту мен тәрбиелеудің негізгі тәсілдерімен және әдістерімен таныстыруды, сонымен қатар жоғары оқу орнында оқу жоспары мен бағдарламасына сәйкес сабақтарды немесе іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізуді қамтитын практикалық сабақтарды қамтиды. Маңызды аспект студенттермен жұмыс, соның ішінде материалдарды олардың деңгейі мен қажеттіліктеріне бейімдеу, сонымен қатар оқыту дағдыларын жетілдіру және болашақ кәсіби қызметке ғылыми негізде дайындалу үшін бағалау және кері байланыс.	Оқу-тәрбие процесі	ОН 3	Есеп беру

Модуль 2 - Зерттеушілік дағдыларын қалыптастыру.
Модуль сипаттамасы: Модуль магистранттарға ғылыми-зерттеу жобаларын тиімді ұйымдастыру мен басқарудың теориялық негіздері мен практикалық стратегияларын жан-жақты түсінуді қамтамасыз ету үшін арналған. Бұл модуль магистранттарды ғылыми жұмысты тиімді жоспарлау, орындау және тарату үшін қажетті білім мен дағдылармен дамытуға бағытталған.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	IRS 51 Академиялық зерттеу және әдебиеттерді сыни талдау	Бейін деуші пәндер/ ЖК	6	Пәнді оқу барысында магистранттар ғылыми зерттеулерге сыни талдау жасайды, өзіндік зерттеу тәсілдерін әзірлейді және білім беру саласындағы негізгі тұжырымдамалар мен тенденцияларды түсіну үшін салыстырмалы талдау дағдыларын қолданады. Әрбір тапсырма сыни тұрғыдан ойлау және ғылыми материалдармен аналитикалық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға бағытталған, бұл магистранттарға пән саласын тереңірек түсінуге ғана емес, сонымен қатар өздерінің ғылыми жобаларын жасауға дайындалуға көмектеседі.	Интерактивті элементтермен лекциялар; Кейс-стади; Этика бойынша талқылаулар; Лекциялар және интерактивті талқылаулар; Шолу мақалалар; Рецензиялау мен кері байланыс сессиялары;	ОН 3,10	Эссе/жоба
2	IRS 53 Зерттеу дизайны және этикалық нормалар	Бейін деуші пәндер/ ЖК	6	Магистранттар зерттеу сұрақтарын құрастыруды, әдістемені таңдауды, деректерді жинау құралдарын әзірлеуді және деректерді талдау процедураларын жоспарлауды қоса алғанда, зерттеу дизайнының әртүрлі аспектілерін зерттейді. Сонымен қатар, пән деректердің құпиялылығы, зерттеуге қатысушылардың құқықтары мен әл-ауқаты сияқты	Интерактивті элементтермен лекциялар; Кейс-стадилар; Этика бойынша талқылаулар;	ОН 3,8	Эссе/жоба

				білім беру зерттеулерін реттейтін этикалық нормалар мен стандарттарға баса назар аударады. Оқыту білім беру саласында жоғары сапалы және этикалық зерттеулер жүргізу үшін магистранттарға қажетті дағдыларды бере отырып, ғылыми жобаларды жобалау және жүзеге асыру үшін алынған білімді практикалық қолдануды қамтиды.			
3	IRS 55 Сапалық және сандық зерттеу әдістері	Бейін деуші пәндер/ ЖК	6	Пән білім беру зерттеулерінде қолданылатын сапалы әдістерді тереңдетіп оқытады. Магистранттар сұхбат, фокус-топтар, бақылау және құжаттарды талдау сияқты әртүрлі мәліметтер жинау әдістерімен таныстырылады. Сапалы ақпаратты жинау, жазу және талдау процесін зерттеу, нәтижелерді түсіндіру және сапалы деректерден қорытынды жасау дағдыларын дамытады. Сапалық әдістерді қолдану кезінде зерттеу нәтижелерінің негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз ету принциптерін талдайды және меңгереді. Магистранттар сапалық тәсіл, теориялық негіз, зерттеу сұрақтарын құрастыруды үйрену дағдыларын қалыптастырады.	Мультимедиялық лекция. Талқылау. Интерактивті әдіс. Материалды экспозициялау. Интерактивті элементтер. Салыстырмалы талдау. Кейс-талқылау. Интерактивті элементтер. Мәселеге бағытталған әдіс. Критикалық шолулар. Хакатондар (шешім марафондары).	ОН 3,5	Эссе/жоба Постер

Модуль 3
Ғылыми зерттеу әдіснама модулі

Модуль болашақ маманның жоғары мектепте оқыту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми-теориялық негіздері мен заңдылықтары, оқытудың тұлғаға – бағдарланған және құзіреттілік тәсілдерінің тұжырымдамаларының оқуды өз бетінше жалғастыру үшін жаңаша түрткі болуын түсінуіне, гөркемдік педагогикалық білім берудің заманауи педагогикалық парадигмалар жүйесін, контекстік оқытудың, принциптері, түрлері, формалары және әдістерін, педагогтың шеберлігі, зияткерлігі, өзін-өзі және кәсіби тұлғалық дамуын басқаруы, интегративті шығармашылық тұрғысында өзін-өзі дамытуына, Көркемдік педагогикалық білім берудің ғылыми зерттеу әдіснамасыу гуманизациялаудың тиімділігін түсінуіне бағытталған.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	SRM 51403/1 Ғылыми педагогикалық зерттеу әдістері мен технологиясы	БП ТК	5	Пән магистранттарға кәсіби педагогика саласындағы ғылыми әдістердің дамуы, зерттеу нысаны, ойлау эволюциясы туралы түсінік береді. Магистранттар кәсіби педагогиканың нақты мәселелерін зерттеуде қолданылатын диагностика, талдау, бағалау әдістерді және зерттеу нәтижелерін жинақтау, жалпы қорытынды жасау, педагогикалық зерттеу нәтижелерін тіркеу, таратуды амалдарын меңгереді.	«Инсерт» әдісі	ОН 3,6,8	Эссе/жоба Постер
2	SRM 51403/2 Қазақ этнопедагогикасының әдіснамалық негізі	БП ТК		Пән қазақ этнопедагогикасының мазмұны мен ерекшеліктерін, этнос теориясының дүниетанымдық мәнін зерттеуге бағытталған. Этнопсихологияның этнопедагогикадағы рөлі мен мәнін талқылау, зерттеу арқылы магистранттар ақпаратты талдау және синтездеу дағдыларын,	Венн диаграммасы арқылы талдау әдісі	ОН 5,7	Эссе/ жазбаша

				этнопсихология мен этнопедагогиканың өзара байланысын терең түсінуді дамытады. Ұлттық білім беру жүйесінде қазақ этнопедагогикасы педагогика ғылымының құрамдас бөлігі дербес оқу пәні ретінде қарастырылады.			
3	SRM 62403/1 Көркемдік оқу іс-әрекетіндегі ғылыми зерттеу әдіснамасы	БП ТК	5	Пән көркем білім беру саласындағы шығармашылық көркем іс әрекеттің зерттеу нысаны мен пәнін, көркемдік білім теориясының әдіснамасын меңгеруге бағытталған. Көркемдік оқу іс әрекет үрдісінде жоғары сапалы ғылыми зерттеу жүргізу үшін магистранттар қажетті дағдыларды игере отырып, көркем шығармашылық жобаларды іс жүзінде асыру үшін терең теориялық білімді практикалық әрекетінде қолданады. Ғылыми зерттеу әдістанаманың алғашқы ережелер мен категорияларды, негізгі заңдылықтарды оқытудың көркемдік білім беру проблемаларымен шешімін қамтиды.	Диалогты оқыту әдісі	ОН 4,6	Эссе/Постер
4	SRM 62403/2 Қазіргі көркемдік педагогикалық білім берудің ғылыми-әдістемелік негіздері	БП ТК		Пән қазіргі көркемдік білімнің өзекті мәселелері мен қайшылықтары ғылым, білім және өнер саласындағы теория мен тәжірибеде терең білім беруге бағытталған. Жалпы білім беру жүйесінде көркемдік білім берудің әдістемесі, оқытудың заманауи	«Тұжырымдамалық кесте» әдісі	ОН 1,6,10	Эссе/Постер

				технологиямен байланысты маңызды зерттеу қырлары сипатталады. Магистранттар ғылыми зерттеудің тұтастық принципін философия мен көркемдік білім берудегі объективті және субъективтіктің арақатынасында ажыратады, жалпы ғылыми салалар және оның көркемдік білім берудегі маңызын анықтайды			
5	SRM 63403/1 Графикалық жобалаудың ғылыми зерттеу әдістемесі	БП ТК	5	Пән графикалық жобалау әдістемесінің мақсаты мен міндеттерін, оқытудың ғылыми әдістемелік бағытын қарастырады. Магистранттар графикалық дизайн бағдарламалық құралдарының негізінде шығармашылық өнердегі ғылыми зерттеу әдістемесінің өзекті мәселелерін талдайды. Олар өнердегі ғылыми-әдістемелік жұмыстың негізгі ұғымдарын және ғылыми таным әдістерін қолдануды, зерттеудің логикалық ережелерін, жобалаудың әдістерін меңгереді.	«Джигсо» әдісі	ОН 4,5,7,9	Эссе/жоба Постер
6	SRM 63403/2 Дизайн теориясы және әдіснамасы	БП ТК		Магистранттар жобалау және әзірлеу теориясының әдіснамасын, дизайнның анықтамасы мен түрлерін, оның ерекшеліктерін және даму тарихын зерттейді. Магистранттарға қажетті дағдыларды бере отырып, өнеркәсіптік дизайнның жаңаша жетілдірілген заттық материалдық ортасын бірлік пен мазмұнның пропорциясы мен формасында	"Өрмекші" әдісі (постерде)	ОН 4,6,10	Эссе/жоба Постер

				үйлесімді қалыптастырып, көркем құрылымдау кезеңдерімен жүзеге асыру үшін алынған білімді тәжірибеде қолданады.			

Модуль 4
Пәндік білім модулі

Модуль сипаттамасы: Модуль болашақ маманның АКТ құзыреттілігі қалыптасытыруға, білім сапасын бағалау, Көркем еңбек, графика және жобалау педагогін даярлау үдерісін дамытуға бағытталған. Сонымен қатар АКТ-ның жетістіктері және оны оқу үдерісінде қолданудың дидактикалық мүмкіндіктері, электронды білім беру орталары, ЦБР және олардың түрлері, түрлі қолданбалы бағдарламасының мүмкіндіктері, білім алушылардың алған білімдерін бағалаудың өлшемдік тәсілі, бақылау-бағалау әрекеттерінің жүйесі, тәжірибелері мен қазіргі ахуалы, жолдары, заманауи технологиялары қарастырады.

№	Пән коды мен атауы	Цикл/ компонент	Кредит саны	Пән сипаттамасы	Оқыту әдістері	Мақсатты ОН	Бағалау әдістері
1	SKS 51403/1 Педагогикалық өнертану	Бейін деуші пәндер/ ТК	5	Пәннің мақсаты өнер педагогикасын және оның педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнын зерттеуге бағытталған. Пән оқыту өнерін және оның педагогикалық ғылымдар жүйесіндегі орнын зерттеуге бағытталған. Магистранттар Қайта өрлеу дәуіріндегі өнер педагогикасын, Батыс Еуропаның көркем-педагогикалық ілімдерін, көркем академиялардың пайда болуы және Тәуелсіз Қазақстанда өнер педагогикасының дамуы кезеңдерін талдау және деректерді зерттеу әдістерін үйренеді. Тарихи	Дәрістер мен семинарлық талқылаулар; Кейс зерттеулері; Дереккөздерді талдау;	ОН 2,7	Эссе/Презентации

				ретроспективада өнер педагогикасының даму ерекшеліктерін түсіну, көркем шығармашылық қызметті меңгеру дағдыларын қалыптастырады			
2	SKS 51403/2 Әлемдік және қазіргі заманғы өнердің тарихи теориясы			Пән қазіргі заманғы өнердің қалыптасуын қарастырады. Өнер және модернизм баламасы, Постмодернизм. Ол өнердегі феминизмнің, концептуалдық және минимализмнің дамуын зерттейді, кэмпизм, ист-виллиджа, нео-поп өнерінің мәдени бейнелерін ашады. Өнердегі фотографияның гүлденуі. Заманауи өнер галереялар, сурет студиялар, суретшілер басқаратын кеңістіктер және т.б.	«Тұжырымдамалық кесте» әдісі	ОН 4,7	Эссе
3	SKS 62403/1 Педагогикалық инновация	Бейіндеуші пәндер/ ТК	5	Магистранттар көркем білім берудегі педагогикалық инновациялық зерттеу технологиясын таңдауды, деректерді жинау, талдау процедураларын жоспарлау, зерттеу құралдарын әзірлеудің әртүрлі аспектілерін зерттейді. Көркем өнердегі педагогикалық инновацияларды шығармашылық индустриялар саласындағы білім беру жүйесінде түсіну үшін салыстырмалы талдау дағдыларын қолданады. Магистранттар ғылыми материалдармен аналитикалық жұмыс істеу, білім беру саласындағы академиялық және практикалық іс	Кейстер (кейс-стади); «Тұжырымдамалық кесте» әдісі	ОН 4,6,8	Эссе/жоба Постер

				әрекет құруда заманауи тәсілдерді меңгеру дағдыларын қалыптастырады.			
4	SKS 62403/2 Көркем шығармашылық психология			Пәнде «өнер психологиясы», «көркем шығармашылық психологиясы» т.б ұғымдардың мәні қарастырылады. Өнер психологиясын өнер таным ретінде, көркемдік техника, психоанализ және катарсис ретінде зерттейді. Ғылыми және көркем шығармашылықтың арақатынасын анықтайды. Көркем іс-әрекетті дамытудың педагогикалық шарттарын қиял, интуиция, ойлау және т.б. шығармашылықтың психологиялық аспектілерінде талдайды.	Диалогты оқыту әдісі	ОН 6,7	Эссе
5	SKS 63403/1 Графика және жобалауды оқытудағы заманауи педагогикалық технологиялар	Бейіндеуші пәндер/ ТК	5	Магистранттар әртүрлі тұлғалық-белсенділікке және тұлғаға бағытталған педагогикалық технологиялармен танысады. Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар (графика пәндерін оқытуда мультимедиялық, интерактивті курстар, проблемалық, эвристикалық оқыту, дөңгелек үстел, жобалық әдіс және т.б.) және Кейс әдісіне негізделген оқу процесіне ұйымдастырудың ерекшеліктерін меңгереді	Кейс – жоба әдісі, түсіндіру, иллюстрациялық әдіс	ОН 4,6,9	Кейс – жоба, портфолие
6	SKS 63403 /2 «Графика және жобалау» бейіні бойынша оқыту технологиясы			Пәнді оқу кезінде магистранттар ақпаратты визуализациялаудың құралдары мен әдістерін, графикалық модельдеу және дизайн оқыту технологиясын меңгереді.	Өрмекші әдісі (постерде)	ОН 5,6,7,9	Презентация, жоба/ портфолие

				Компьютерлік жобалау жүйелерін (АЖЖ); STAPRIM, «Грейс», «Леко», «АССОЛ», Лектра, Гербер, автоматтандырылған жобалау және визуализациялау құрылымын графикалық дизайн әдістерінде жасап үйренеді			
7	SKS 64403/1 Компьютерлік графика және моделдеу	Бейін деуші пәндер/ ТК	5	Магистранттар оқу барысында компьютерлік графиканың негізгі бағыттарын, модельдеудің негізгі принциптерін меңгереді. Олар модельдердің классификациясын, модель жасау технологиясын, модельдеудегі графикалық ережелерді зерттейді. Олар үлгілердің кезеңдерін, техникалық-экономикалық есептеулері бар сызбаларды, бұйымның және ұсақ бөлшектердің негізгі сызбаларын модельдеу ерекшеліктерін жасайды. Олар модельдеу нәтижелерін талдау және өңдеу арқылы өндірістік процестерде модельдеуді зерттейді.	Өрмекші әдісі (постерде)	ОН 4,9	Презентация, жоба/ портфолие
8	SKS 64403/2 Жобалық ғылыми білім беру қызметтегі компьютерлік технологиялар			Магистранттар дизайндағы заманауи компьютерлік технологиялармен және оларды жобалық, ғылыми және оқу іс-әрекетінде қолданумен танысады. Олар ақпараттық жүйелер мен технологияларды, оларды бағдарламалық қамтамасыз етуді, ғылым мен білім берудегі ақпараттық технологияларды, «Мультимедиялық технологияларды» оқиды.	«Джигсо» әдісі	ОН 4,5,7	Жоба/Презентация, портфолие

9	SKS 65403/1 Көркем шығармашылықты зерттеудің семантикасы	Бейіндеуші пәндер/ ТК	5	Пәннің мақсаты магистранттардың көркем шығармашылықты ғылыми таным саласындағы семантикалық талдау ерекшеліктерін зерттеуге бағытталған. Магистранттар көркем өнердің семантиканың мәнін философия, эстетика және әдебиетпен байланысты талдау, зерттеу және деректерді визуализациялау жолдарын үйренеді. Көркем шығармашылықтағы бейнелерді, рәміздерді және өнер категорияларын талдау әдісін практикада қолдану дағдылары қалыптастырады.	Кейс – жоба әдісі, түсіндіру, иллюстрациялық әдіс	ОН 1,6,7,10	Эссе/Жоба/постер
10	SKS 65403 /2 Технологиялық дайындау практикумы	Бейін деуші пәндер/ ТК		Пәнді оқып-үйрену материалдық бұйымды өндірудегі технологиялық құзыреттіліктерді дамытуға бағытталған. Магистранттар технологиялық жабдықтың классификациясын, оның тағайындалуын, конструкциясын және жұмыс принципін зерттейді. Пәнді меңгеру барысында магистранттар энергетикалық талаптар мен қауіпсіздік ережелерін ескере отырып, жабдықтармен жұмыс істеу дағдыларын меңгереді.	«SMART (ақылды мақсат)»	ОН 4,6	Эссе /Жоба/ постер
RW5 - Ғылыми-зерттеу жұмыстары *Модуль сипаттамасы:* Модуль магистранттардың ғылыми-зерттеу дағдыларын, білімі мен құзыреттерін арттыруға арналған. Магистранттар педагогикалық практика, зерттеу практикасы, тағылымдамалар және магистрлік диссертацияны орындау барысында оқыту, зерттеу және							

практикада білімді қолдануда құнды тәжірибе жинақтайды. Интенсивті курстар ғылыми еңбектер, басылымдар, диссертация құрылымы және мәтінде APA стилін қолдану бойынша қосымша білім алуға мүмкіндік береді.							
№	**Пән коды мен атауы**	**Цикл/ компонент**	**Кредит саны**	**Пән сипаттамасы**	**Оқыту әдістері**	**Мақсатты ОН**	**Бағалау әдістері**
1	Зерттеу практикасы	БП ЖК	6	Зерттеу практикасы ғылыми зерттеулерінің нәтижелерін, сын тұрғысынан бағалауға, зерттеу проблемасының теориялық және практикалық мәнін негіздеуге және тұжырымдауға бағытталған.	Тәжірибелік жұмыс	ОН 3,8	Есеп беру
2	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	3	Ғылыми басымдықтарды бөлу дағдысы болу, сондай-ақ өзекті міндеттер мен зерттеу мәселелерін қалыптастыру. Негізгі қорғалатын ережелер бойынша ғылыми-зерттеу (әдістемелік, практикалық) бөлімдерді орындау. Зерттеу проблемасының теориялық және практикалық маңыздылығын қалыптастыру. Ғылыми әдебиеттерді талдамалы жинақтауды жүзеге асыру. Әзірленген бағдарламаға сәйкес дербес зерттеулер жүргізу.	Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс	ОН 8	Есеп беру
3	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	5	Отандық және шетелдік ғылымының жаңа теориялық, әдістемелік еңбектерін өз бетінше зерттеу. Ғылыми зерттеулердің заманауи әдістерін қолданудың практикалық дағдыларын бекіту. Кафедраның және бейінді ғылыми-зерттеу институтының ғылыми-зерттеу жұмыстарына қатысу.	Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс	ОН 1,8	Есеп беру

4	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	6	Ғылыми әдебиеттерді талдамалы жинақтауды жүзеге асыру. Әзірленген бағдарламаға сәйкес дербес зерттеулер жүргізу. Ғылым саласының заманауи теориялық, әдістемелік жетістіктерін меңгеру. Жеке ғылыми зерттеулерде заманауи әдістерді қолдану.	Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс	ОН 1,8	Есеп беру
5	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми зерттеу жұмысы	МҒЗЖ	10	Диссертацияның қорытынды жобасын ғылыми жетекшіге ұсыну, содан кейін үшінші семестрдің соңында университеттің этика комитетінде зерттеу әдістерін қорғау.	Эксперименттік-тәжірибелік жұмыс	ОН 1,8	Есеп беру
6	**Қорытынды аттестаттау**	ҚА	8	Магистрлік диссертацияны рәсімдеу және қорғау (МДРжҚ)	Диссертациялық жұмысты аяқтау, рәсімдеу	ОН 1,8	Қорғау
	БАРЛЫҒЫ		**120**				